

Іскерлік пен ізденіс – жетістік кепілі

Жұмахан МЫРХАЛЫҚОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры,
ҚАА корреспондент мүшесі

Өзінің бітім-болмысында Шығыстың даналығы мен Батыстың іскерлігін, сонымен қатар қазақ халқының төл қасиеттері – төзімділік пен шыдамдылықты, сабырлық пен көрегенділікті бойына бірдей сіңірген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев заманымыздың тамырын дөп басып, алдағы үлкен стратегиялық бағыттарды дұрыс айқындап берді. Соның арқасында аз ғана уақыт ішінде ғасырларға тағитын даму жолын жүріп өткен, бүкіл әлем қауымдастығы мойындаған мемлекетке айналдық.

Нұрсұлтан Назарбаев осыдан 550 жыл бұрын Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібектің, одан кейінгі кезеңдерде қазақ мемлекеттілігін нығайта түскен Абылай хан, Тәуке мен Қасым хандар сияқты даңқты бабаларымыздың саясаты мен дәстүрлерін жалғастырып келе жатқаны анық. Бүгінгі Қазақстан – бірлігі мен ынтымағы жарасқан, кез келген экономикалық немесе саяси дағдарыстарға төтеп беруге толықтай қабілетті, келешегі кемел мемлекет. Әрине, бұл жетістіктеріміздің барлығы тікелей Елбасының атымен байланысты. Сондықтан, менің ойымша, Тұңғыш Президент күні – әрбір қазақстандық үшін ерекше маңызы бар мереке. Бұл – еліміздің дамуына жасампаз қадамдарына, әлемдік деңгейлердегі бастамаларына қолдау көрсететін күн.

Елбасының Оңтүстікке деген ынтымақшылығы зор екеніне талай рет куә болдық. Шымкентте болған кездерінде Мемлекет басшысы өңіріміздің экономикалық, мәдени және рухани әлеуетін, аса жоғары бағалайтынын, болашағымызға айрықша үміт артатынын әрдайым атап айтады.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шымкент бүгінгі таңда заманауи мегаполиске айналу жолына түсті. Біле білсек, бұл аса үлкен жауапкершілік, себебі мегаполис қай салада болсын үздік болуға тиіс. Мұнда әсіресе шағын және орта бизнес мейлінше дамыған. Кәсіпкерлік субъектілерінің саны мен белсенділігі жөнінен Оңтүстік Қазақстан облысы республикада алдына жан салмайтын өңір. Қазіргі таңда облысымызда 190,4 мың шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді, мұндағы жұмыс орындарының саны 342 900-ді құрайды. Биылғы алғашқы алты айда шағын және орта бизнес 285,2 млрд теңгеге бағаланған өнім (тауар, қызметтер) шығарды.

Оңтүстіктің әлеуметтік-экономикалық дамудағы жоғары әлеуетке ие болуының бірқатар ерекшелігі бар. Біріншіден, өңір түрлі салалардың, еңбек және табиғи ресурстардың тарихи қалыптасқан өндірістік жиынтығына

негізделген бірегей өнеркәсіптік-экономикалық әлеуетке ие. Екіншіден, сауда және көлік тораптарының тиімді географиялық орналасуы, қолайлы климаттық жағдайлар, шағын бизнестің жоғары үлесі дамудың жоғары көрсеткіштеріне жетелейтін алғышарттар. Сондай-ақ, пайдалы қазбалардың бай кен орындары мол мүмкіндік беруде. Оңтүстік өңірі барит, көмір, темір және полиметалл рудалары сияқты пайдалы қазбаларға бай. Уран қоры бойынша облыс Қазақстанда бірінші орынға, фосфориттер мен темір рудасы бойынша үшінші орынға ие. Қатты пайдалы қазбалардың теңгерімді қорлары мен болжалды ресурстары бойынша облыстың жер қойнауының пайдалы қазбалар байлығы 240 млрд АҚШ долларына бағаланады екен. Осыдан-ақ Оңтүстіктің шынайы экономикалық және өндірістік әлеуетін шамалай беріңіз.

Үдемелі, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде облыстық индустрияландыру картасы әзірленіп, оған сәйкес жалпы құны 184 млрд теңгені құрайтын 137 жоба іске асырылды. Бұл республика бойынша жүзеге асырылған жобалардың бестен бір бөлігі. Осы арқылы 11,2 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл жетістіктің өзі бүгінгі таңда инновациялық технологияларды кенінен енгізу қажеттігін дәлелдейтін дәлел. 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамуның мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін, Оңтүстік Қазақстан облысының жаңа индустрияландыру картасы қабылданды. Өңір үшін айрықша маңға ие бұл құжатқа сәйкес, алдағы уақытта жалпы құны 869 млрд теңгені құрайтын ауқымды жобалар орындалып, нәтижесінде 19,9 мың жаңа жұмыс орны құру көзделген.

Өңірдің қай салада болсын өркендеуіне М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті тікелей атсалысуда. Себебі, біздің оқу орнымызда түрлі бағыттар бойынша білікті мамандар даярлануда. Заман талабына қарай университет білім бағдарламаларын барынша облыстың инновациялық дамуына негіздеу міндетін қойып отыр. «ҚазФосфат» ЖШС, «Стандарт Цемент» ЖШС, «Еврокристалл» ЖШС, «Реактивті фосфор қосылыстары» ЖШС, «Фудмастер» ЖШС, «Шымкент сүт» ЖШС және басқа да іргелі кәсіпорындар біздің бизнес-әріптесімізге айналды. Осы өндірістердің өкілдері магистрлік жұмыстарға жетекшілік етеді, жас ізденушілерге бағыт-бағдар мен кеңес беріп, оқу модульдерін жүргізеді. Бұл өте маңызды жұмыс, себебі магистратура – ғылыми ізденістің құрамдас бөлігі. Біз осындай ықпалдастық кепілді табысқа қол жеткізеді деп сенеміз.

Университет көптеген бағыттардың модераторы бола отырып, жергілікті басқару органдарымен бірлесіп, күрделі мәселелерді шешуге атсалысып келеді.

Бұл тұрғыда «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңның дер кезінде қабылдануы индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше демеу болғанын айтқым келеді.

Осы кезеңдегі басты мақсат – М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ді кәсіпкерлік университетке айналдыру. Тек сонда ғана ғылыми жетістіктер мен кәсіпкерлік дамуды ұштастыра аламыз. Университетімізде толық кәсіпкерлік циклды, яғни идея – зерттеу – әзірлеу – өндіріс – жүзеге асыру жүйесін қалыптастыру үшін «ОҚМУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылған. Оның жарғылық капиталы ретінде 93 миллион теңгеге бағаланған 9 инновациялық патенттің зияткерлік меншік құқықтары пайдаланылды. «ОҚМУ» ЖШС қабырғалық газ блоктарын өндіруге, малдәрігерлік емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуге, басқа да машиналармен, жабдықтарды материалдық құралдарды пайдалануға, өнеркәсіптік техника мен жабдықты монтаждауға, кірпіш, жабынқыш пен күйген саздан басқа да құрылыс материалдарын өндіруге рұқсат құжаттарын алып, қызмет өрісін кеңейтіп келеді. «ОҚМУ» ЖШС шетелдік әріптестермен бірге 100 000 фунт стерлинг сомада Ұлыбритания тарапынан инвестицияланған «Ньютон-эл-Фараби» әріптестік бағдарламасын жүзеге асыруда. Сондай-ақ, Оңтүстік Кореямен бірге HANSOL-SKSU даму және технологиялар трансферті орталығы құрылды. Мұнда жіп ійру технологиясы бойынша университет ғалымдарының әзірлемелерін пайдалана отырып, тоқыма бұйымдарын өндіру бойынша 2,8 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылуы осының нәтижесі болып табылады.

Университеттің халықаралық деңгейдегі әріптестік байланыстары мұнымен шектелмейді. Бүгінгі таңда оқу орнымыз Оңтүстік Қазақстанның жағдайында сорго қышқылынан лимон қышқылын өндіру үшін Weihenstephan-Freising Мәдениеттер Банкі (Германия) қамтамасыз еткен штамдарын қолдану технологиясын сынақтан өткізуде. Университет ғалымдарының әзірлемелері негізінде алынған көпкомпонентті минералды тыңайтқыштарды қолдана отырып, «соргоның» жаңа сұрыптары сынақтан өткізілді. Бұл тұрғыда университетіміздің бизнес-серіктестері – Шардара қант шәрбатын өндіру зауыты, Германияның «KraftFoods» және Түркияның «Uker» компаниялары.

Түйіндеп айтқанда, университет түрлі салалардағы инновациялық белсенділікті арттыруды көздейді, себебі, техника мен технология саласында отандық ғылыми жетістіктерді пайдалану – ұлттық экономика үшін нақты пайдасын міндетті түрде береді деген сенімдеміз.

ШЫМКЕНТ.